

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Әдістемелік нұсқаулық 5B050900 - «Қаржы» мамандығы бойынша күндізгі және сырттай оқу нысанындағы студенттер үшін жасалған.

Диплом жұмысын орындау бойынша нұсқаулық ҚР жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде жасалған. Ұсыныстар осы құжат идеясын әрі қарай жалғастырады және онымен әдістемелік біртұтастықты қалыптастырады.

Диплом жұмысын орындау оқу үдерісінің күрделі әрі шешуші кезеңі болып танылады. Бұл маманның өз мамандығы бойынша теориялық және практикалық міндеттерін шешуге дайындығын көрсетеді. Студент бұл жұмысты дайындау барысында қаржы саласындағы нақты мәселелерді шешу бойынша өз мүмкіндіктерін көрсетуі тиіс.

Қазіргі жағдайда мамандарға қаржы саласындағы жұмыс берушілер мынадай талаптар қояды:

- Білім құзіреттілігінің жоғары деңгейі;
- Дербес ғылыми және практикалық жұмыс жүргізуге қатысты қабілетті нысаналы бағытта дамыту;
- Теориялық және статистикалық материалды жүйелей білу қабілеті;
- Зерттеу барысында жасалған түйіндерді талдай және тұжырымдай білу қабілеті;
- Интеллектуальдық және креативті қызмет;
- Материалдар мен тұжырымдарды сипаттауда логикалық бірзділік байланысты сақтау;
- Білімдарлық пен кең ой-өрісін көрсете білу;
- Жеке тұлғалық қасиеттер: тәртіп, коммуникативтік және адалдық.

Жоғары оқу орнының міндеті - нарық қажеттілігі мен жұмыс берушілер талабына сай мамандар даярлау. Диплом жұмысын орындау оқу үдерісінің маңызды әрі қорытындылаушы сатысы болып танылады және жоғары оқу орны түлегінің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті деңгейін сипаттайды.

Әдістемелік нұсқаулықта диплом жұмысын орындауға қойылатын талаптар мен ұсыныстар келтірілген.

Диплом жұмысын жазу үдерісінің мақсаты өзекті мәселе бойынша ғылыми логикалық аяқталған зерттеу жүргізу. Студент міндетті:

А) ұлттық экономиканың даму басымдықтары мен өз ғылыми мүдделері негізінде теориялық және практикалық құндылыққа ие зерттеу тақырыбын таңдауы тиіс және оның өзектілігі мен терең ғылыми зерттеу қажеттігін негіздей білуі керек.

Б) таңдалған тақырып бойынша теориялық тұрғыда зерделеп, статистикалық материалдарды жүйелеп, оның талдануы бойынша логикалық құрылымын қалыптастыру керек;

В) жүргізілген зерттеулер мен алынған нәтижелер негізінде қойылған мәселе бойынша өз ұсыныстарын өңдеу.

Диплом жұмысының тақырыбы жұмыс тақырыбын сипаттайды. Оның атауы барлық құжаттарда өзгеріссіз әрі ректор бұйрығына сай көрсетілуі керек. Диплом жұмысы тақырыбындағы, студент аты жөніндегі немесе ғылыми жетекшіге қатысты кез келген өзгеріс университет бойынша тиісті бұйрықта сәйкесінше рәсімделеді.

Диплом жұмысын жазудағы студенттің міндеті:

1. Мамандық бойынша теориялық және практикалық білімін жүйелеу;
2. Ғылыми жұмыспен дербес айналысу қабілетін жетілдіру;
3. Мәселенің теориялық және практикалық тұрғыларын зерттеу барысында алынған қабілеттерін практика барысында алынған маериалдарды өңдеу барысында қолдана білуі;
4. Өзінің ғылыми-әдістемелік және практикалық білімдерінің нәтижесін жазбаша түрде сауатты әрі анық жаза білу қабілеті.

Диплом жұмысының мазмұны отандық және әлемдік экономикалық ғылым мен практиканың жетістіктеріне негізделе отырып, дамудың объективтік заңдылықтарын қамтуы тиіс.

Диплом жұмысы осыған дейін орындалған оқу (курстық) және ғылыми зерттеу жұмыстарына негізделуі және оның логикалық жалғасы болуы мүмкін.

Диплом жұмысының тақырыбын таңдау жинақталған материал (реферат, ғылыми және курстық жұмыс, мақалалар, жарияланымдар) мен ғылыми мүддесіне байланысты таңдалады. Диплом жұмысының тақырыбы өндірістік практика орынмен тығыз байланысты болуы шарт (қосымша 1). Студент өз бастамасымен ұсынған тақырыпты кафедра меңгерушісінің келісуімен орындауына болады.

Диплом жұмысын таңдаған студент кафедра меңгерушісінің атына диплом жұмысы тақырыбын бекіту туралы өтініш жазады (қосымша 2). Диплом жұмысының тақырыбы, ғылыми жетекші мен сын пікір беруші университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

Студент ғылыми жетекшінің басшылығымен диплом жұмысын орындау жоспарын, тәртібін және оны орындау тәртібін жасайды (қосымша 3,4,5).

Диплом жұмысын орындау барысында студент диплом жұмысы тапсырмаларын орындау бойынша кестені жетекшілікке алуы тиіс.

Дайын диплом жұмысына ғылыми жетекшінің пікірі мен сын пікір берушінің сын пікір береді (қосымша 6,7).

ЖҰМЫС МАЗМҰНЫ

Диплом жұмысы ҚР заңнамалық және нормативтік актілерді, оқу және ғылыми әдебиеттерді, мерзімді басылымдарды зерделеу негізінде таңдалған тақырып бойынша мәселені кешенді зерттеуді сипаттайды.

Өзге авторлар ғылыми пікірін жұмыс мазмұнында қарастыру барысында студент оны міндетті түрде сілтемемен көрсетуі тиіс. Диплом жұмысында қандай да бір автордың мәтінімен сәйкестік анықталса және сілтеме көрсетілмесе, онда диплом жұмысы қорғауға жіберілмейді.

Жұмыс мазмұны кіріспеден, үш тараудан (параграфтарға бөлінуімен), қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшадан тұрады.

Кіріспеде таңдалған тақырып бойынша мәселенің қазіргі кездегі жағдайы, өзектілігі, мақсаты мен міндеттері келтіріледі. Зерттеу объектісі мен пәні, жұмысты орындаудағы әдістемелік және практикалық негізі көрсетілуі тиіс.

I тарауда жұмыстың теориялық аспектісі келтіріледі. Мұнда мәселенің экономикалық мазмұны мен маңызы қарастырылады.

II тарауда таңдалған тақырып объектісінің қазіргі кездегі қызмет ету ерекшеліктері келтіріледі. Студенттің өндірістік практикадан өткен жері бойынша соңғы 3-5 жылдағы ресми мәліметтер негізінде талдау жүргізіледі.

III тарау теориялық және қолданбалы сипатта болуы мүмкін. Мұнда диплом жұмысы тақырыбында қарастырылған мәселенің даму бағыттары, жетілдіру жолдары авторлық тұрғыда келтіріледі.

Қорытындыда жұмыс нәтижесінде анықталған тиісті түйіндер жасалады.

Мемлекеттік емтихан комиссиясы жұмысын бастағанға дейін бір айдан кем емес мерзімде кафедраның профессор оқытушылар құрамын құрылған арнайы жұмыс тобы студенттердің диплом жұмысының дайындығын тексереді.

Диплом жұмысы қорғауға жіберілгенге дейін тиісті кафедрадан алдын ала қорғаудан өтіп, плагиатқа тексеріледі.

Жұмысты рәсімдеуге қойылатын талаптар

Жұмыс бір данада дайындалады. Диплом жұмысының көлемі компьютер теріліміндегі А4 (210x297мм) форматындағы қағазда 60-90 бет көлемінде болуы тиіс. Жұмыс көлеміне қосымша кірмейді.

Диплом жұмысының мәтіні мына жиектермен рәсімделуі тиіс: сол жағы - 30 мм, жоғары жағы - 20 мм, оң жағы - 10 мм және төменгі жағы - 25 мм. Шрифт - 14 кегль, жолдар арасы біркелкі интервалмен жазылады.

Диплом жұмысының құрылымы:

- беткі парақ (қосымша 9);
- диплом жұмысын дайындау кестесі (қосымша 3)
- кафедраның жұмысқа қойған тапсырмасы (қосымша 4)
- мазмұны (қосымша 5);
- кіріспе;
- негізгі бөлім;
- қорытынды;
- қолданылған терминдер тізімі (қажет болған жағдайда);

- әдебиеттер тізімі;
- қосымша.

Кіріспеде диплом жұмысы тақырыбының өзектілігі, қазіргі кездегі жағдайы, тақырыптың өзектілігі, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы, заманауи жағдайы, мақсаты мен міндеттері, дипломдық жұмыс объектісі, теориялық және әдістемелік негізі қарастырылады.

I тарауда жұмыстың теориялық негіздері қарастырылады. Зерттелетін тақырыптың экономикалық мазмұны мен маңызы қарастырылады..

II тарауда мәселенің заманауи жағдайда қызмет ету барысы өндірістік практикадан өту жері бойынша 3-5 жылдағы мәліметтері негізінде талданады.

III тарау теориялық және қолданбалы сипатта болуы мүмкін. Мұнда студент диплом жұмыс тақырыбы бойынша мәселені шешу жолдары, даму бағыттары қарастырылады.

Қорытындыда диплом жұмысы жазу барысында алынған нәтижелер мен қысқаша тұжырымдар беріледі.

Қосымшада диплом жұмысын зерделеу барысында қарастырылған мәліметтер берілуі мүмкін.

Қолданылған әдебиеттер тізіміне зерттеу жұмысын жүргізу барысында пайдаланылған барлық дерек көздері көрсетілуі керек.

Тараулар мен бөлімдер атауы абзац жолдан нүктесіз ешқандай сызусыз жазылады.

Мысалы

1. Типтері және негізгі мөлшері

1.1 }
1.2 } *Құжаттың бірінші тарау бөлімдерінің нумерациялануы*
1.3 }

2. Техникалық талаптар


2.1 }
2.2 } *Құжаттың екінші тарау бөлімдерінің нумерациялануы*
2.3 }

Диплом жұмысының әрбір тарауы жаңа беттен басталады. Бөлім атаулары негізгі мәтіннен екі жол алшақтықпен жазылады.

Жұмыстың барлық беттері араб цифрлары мен титулдық беттен соңғы бетке дейін еш қайталанусыз номерленуі керек. Титул беті бірінші бет болып саналады және оған номер жазылмайды. Ал келесі беттен бастап «2» цифры (кафедраның жұмысқа қойған тапсырмасы) көрсетіледі. Беттің реттік номері төменгі жиектің ортасына жазылады. Жұмыстың соңғы номерімен әдебиеттер тізімі жазылған соңғы бет номерленеді.


Иллюстрациялардан (сызбалар, графиктер, схемалар, диаграммалар) кейін міндетті түрде ол түсіндірме мәтін беріледі және олар араб цифрларымен еш қайталанусыз номерленуі тиіс.

Мысалы



Сурет 1. «.....» құрылымы

Алынған көзі. Ковалев В.В. Управление финансами [20, 55б.]



Сурет 2. өзгерісінің динамикасы

Ескерту. 1 кесте негізінде автор құрастырған

Кестелер көрсеткіштерді жан жақты талдау мақсатында қолданылады. Кесте атауы оның мазмұнын сипаттайтын нақты әрі қысқа болуы шарт.

Мысалы

Кесте 1. Банк активтерінің құрылымы

Алынған көзі. ҚР Ұлттық Банк бюллетені [5]		

Диплом жұмысында барлық кестелерге оған сілтеме жасай отырып, түсіндірме жасалуы керек.

Жолдары көп кесте келесі бетке бөлініп жазылуы мүмкін. Ондай жағдайда келесі бетке «1 кестенің жалғасы» деп көрсетіліп, жалғастырылуы керек.

Формулалар жеке жолға жазылады. Формуланың жоғары және төменгі жағына бір интервал көлемінде бос жол қалдырылады. Егер көрсеткіштер бір жолға симаса, онда теңдік (=) белгісінен кейін немесе плюс (+), минус (-), көбейту (x), бөлу (:), немесе басқа математикалық белгілерден кейін, осы белгілерді қайталай отырып, келесі жолға жалғастырылып жазылады.

Формулалар реттік араб номерлерімен шеткі оң жағына дөңгелек жақшаға алынып, белгіленеді.

Формулананың реттік номеріне мәтінде сілтеме жақшамен көрсетіледі. Мысалы, - (1) формулада.

Қолданылған әдебиеттерге сілтеме тік жақшада, ешқандай қайталанусыз реттік номермен жасалады [4]. Кітаптар туралы мәлімет (оқулықтар, анықтамалықтар, монографиялар және т.б.) мыналарды қамтуы тиіс: автордың таы-жөні, кітап атауы, шығарылған жылы, том номері, қолданылған бет номері. Егер кітап екі не одан да көп адамдар жазған жағдайда, олардың кітапта жазылған ретпен аты-жөндері көрсетілуі тиіс.

Диплом жұмысында барлық қосымшаларға сілтеме жасалуы тиіс

Әрбір қосымша жоғары жағына «Қосымша» деген жазуы көрсетіліп, жаңа бетте көрсетілуі тиіс.

Қосымша атауы болуы керек. Бірақ жұмыста бір ғана қосымша болған жағдайда, оның атауы болуы міндетті емес.

Беткі парақта негізгі реквизиттер міндетті түрде көрсетілуі тиіс.

Жұмысты жазу барысында қолдануға болмайды:

- Күнделікті қолданыстағы сөз айналымы;
- Стандартқа, қазақ және орыс тілдерінің орфографиясына сәйкес белгіленген қысқартулардан басқа, қысқарту сөздері;
- «-» математикалық белгісі теріс көрсеткіш алдына қойылмай, «минус» сөзі ретінде жазылып көрсетіледі;
- Сансыз математикалық белгілер, мысалы: \leq (кем не тең), \geq (артық не тең), \neq (тең емес), № (номер), % (пайыз).

Диплом жұмысын қорғауды өткізу тәртібі

Диплом жұмысын қорғау мемлекеттік біліктілік комиссиясының ашық мәжілісінде жүргізіледі. Студент зерттеген мәселесі бойынша 7-10 минут көлемінде негізгі тұстары, түйіндері мен ұсыныстары туралы баяндама жасайды, сосын мемлекеттік біліктілік комиссиясы мүшелері мен қорғауға қастысушы тұлғалардың сұрақтарына жауап береді. Алдын ала дайындалған сызба, слайд, диаграмма түрінде презентация жасауға болады.

Бір студенттің диплом жұмысын қорғау ұзақтығы 30 минуттан аспауы керек. Диплом жұмысын талқылауға сұрақ түрінде қатысушылар да қатыса

алады. Талқылаудан кейін комиссия хатшысы пікірді (ғылыми жетекші қатысқан жағдайда, өзі сөйлейді) және сын пікірді оқиды. Пікір мен сын пікірде ескертулер болған жағдайда, студент оған нақты жауап беруі керек. Қорғау нәтижелері талқыланғаннан кейін мемлекеттік біліктілік комиссиясының мүшелері баға қояды. Диплом жұмысын қорғау нәтижесі бағаланады: «өте жақсы», «жақсы», «қанағаттандырырлық», «қанағаттандырырлықсыз». Бағалау барысында мыналар ескеріледі:

- Орындалған жұмыс көлемі;
- Әдебиеттердің шолу ауқымы, замануилығы;
- Материалды сауатты әрі нақты берілуі;
- Зерттеудің дербестігі;
- Жұмыста жаңа технологияларды қолдану;
- Жұмысты рәсімдеу сапасы;
- Диплом жұмысы бойынша баяндама сапасы;

Мемлекеттік біліктілік комиссиясы мүшелерінің сұрақтарына берілген жауаптың дұрыстығы және толықтығы.

Мемлекеттік біліктілік комиссиясының барлық мәжілістеріне хаттама жасалады, хаттаманы комиссия мүшесі құрамына бекітіліген оқытушы-комиссия хатшысы толтырады.

Бағаны көтеру мақсатында диплом жұмысын қайта қорғауға жол берілмейді. «Қанағаттандырырлықсыз» баға алған тұлға нақты кезеңде қайта қорғауға жіберілмейді.

ҚОСЫМША 1

«Қаржы» кафедрасының меңгерушісіне
(аты-жөні)
4 курс студентінен

(аты-жөні)

Өтініш

Маған, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті Экономика және бизнес Жоғары мектебінің «Қаржы» мамандығының 4-курс студенті

(аты-жөні)

«_____»

диплом жұмысының тақырыбын бекітуіңізді сұраймын.

Студент қолы (_____)

Күні «_____» _____ ж.

Кафедра шешімі

Кафедра меңгерушісі (_____)

Күні «_____» _____ ж.

**Диплом жұмысын дайындау
ГРАФИГІ**

№	Қарастырылатын сұрақтар тізімі	Ғылыми жетекшіге тапсыру мерзімі	Ескерту
1.	Әдебиеттерді іріктеу, оларды өңдеу және зерделеу. Негізгі әдебиеттер бойынша библиография құру.		
2.	Диплом жұмысының жоспарын құру және оны жетекшімен келісу		
3.	Бірінші тарауды дайындау және ұсыну.		
4.	Практикалық материалды жинау, жүйелеу, талдау және т.б.		
5.	Жетекшімен ұсыныстар мен тұжырымдарды келісу		
6.	Ескертуге сәйкес диплом жұмысын қайта өңдеу. Дайын нұсқаны кафедраға ұсыну.		
7.	Пікір және сын пікірмен танысу.		
8.	Пікір мен сын пікірді ескере отырып, жұмысты қорғауға дайындау		

Тапсырма берілген күн « ___ » _____ 201_ ж.

Кафедра меңгерушісі _____ (аты-жөні)
(қолы)

Ғылыми жетекші _____ (аты-жөні)
(қолы)

Тапсырма орындауға қабылдаған студент _____ (аты-жөні)
(қолы)

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БИЗНЕС ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІ

5B050509 «ҚАРЖЫ» мамандығы

«Қаржы» кафедрасы

Диплом жұмысын орындауға арналған

ТАПСЫРМА

4 курс студенті _____

Жұмыс тақырыбы «_____»

№ _____ «_____» _____ ж. бұйрықпен бекітілген

«_____» _____ аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі

Жұмыс барысында қолданылған бастапқы мәліметтер _____

Диплом жұмысын қарастыру барысындағы сұрақтар немесе жұмыстың қысқаша мазмұны:

а) _____

_____;

б) _____

_____;

в) _____

_____.

**5B050509 «Қаржы» мамандығын бойынша (аты-жөні) студенттің
«.....» атты диплом жұмысына**

ШКІР

Өзектілігі

Жұмыстың қысқаша сипаттамасы

Жұмыстың құндылығы

Жұмысты кемшілігі

Қорғауға жіберілгені (жіберілмегені) туралы жазба

Ғылыми жетекші _____ ғылыми атақ, дәрежесі _____ (Аты-жөні)
(қолы, күні)

ҚОСЫМША 5

4 курс күндізгі оқу бөлімінің студенті (аты-жөні) «.....» атты диплом жұмысына

Сын пікір

Зерттеу тақырыбының өзектілігі.
Диплом жұмысының мазмұны
Жұмыстың артықшылығы мен кемшілігі
Ойдағыдай қорғалған жағдайда диплом жұмысына қойылатын баға –
мысалы, А (95балл).

Сын пікір беруші _____ қызметі, ғылыми атақ, дәрежесі _____
(қолы, күні) (аты-жөні)

ҚОСЫМША 6

Беткі парақтың негізгі мәліметтерін көрсету нысаны

60 мм

Тақырыбы: _____

Студент _____

(аты-жөні)

Ғылыми жетекші _____

Алматы

105 мм

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БИЗНЕС ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІ
«ҚАРЖЫ» кафедрасы

«Қорғауға жіберілді»
Хаттама № ____ «____» ж
Кафедра меңгерушісі
_____ (аты-жөні)

«.....» (16 кегль)
тақырыбындағы (14 кегль)

ДИПЛОМ ЖҰМЫСЫ (20 кегль)
5В050509– «Қаржы» (14 кегль)

Орындаған:

4 курс Ф10К1 тобының студенті _____ (аты - жөні) (14 кегль)
(қолы, күні)

Ғылыми жетекші:
э.ғ.д., профессор _____ (аты - жөні)
(қолы, күні)

Норма бақылаушы: _____ (аты - жөні)
(қолы, күні)

Алматы (14 кегль)

